«6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Конырова Айжан Мауленовнаның «XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи- салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Конырова Айжан Мауленовнаның «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи- салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған және Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №250 қаулысы) мен Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы) мақсаттарына толықтай сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3**) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының**	Айжан Коңырованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағыттарына сәйкес орындалған: - білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер

		басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатының сипаты мен оны іске асыру тетіктеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасалған. Орыстандыру мәселесіне қатысты патшалық Ресей және Кеңестік биліктің басқару жүйесі мәселесін салыстырмалы талдау тарихнамада тереңірек қарастырылатын өзекті тақырыптардың бірі. Диссертант Ресей империясы мен Кеңес дәуіріндегі орыстандыру саясатының негізгі бағыттарының бірі - қазақ даласындағы саяси-экономикалық және руханият саласын қамтыған іс-шаралар жөніндегі ұлттың зиялы қауым өкілдерінің пікірлеріне сараптама жасау арқылы, орыстандырудың жағымсыз жақтарына, сондай-ақ прогресшіл тұстарына да баға берген. Орыстандыру саясатының жүзеге асқан негізгі бағыттарының бірі – білім беру саласы екенін айта отырып, империя тұсындағы оқу-ағарту саласындағы іс-шаралар мен большевиктер тұсындағы әліпбиі реформасының орыстандыру бағытымен ұштастырылып жатқан шара екендігін дәлелдеген. Диссертациялық жұмыс отандық тарих ғылымына елеулі үлес қоса алады және жұмыстың құрылымы, тақырыптық-мазмұндық баяндалуы жүйелі, ғылыми тұжырымдамасы дәлелдермен көрсетілген. Сонымен қатар тақырыптың мақсаты ашылған, қолданбалы нәтижелері өзекті болып табылады Ғылыми жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары бұрын соңды жарияланбаған. 2.1. Қосады, ашылған
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен;	Диссертациялық жұмысты Коңырова Айжан Мауленовна өзі орындаған және жұмыс мәтіні ғылыми стильде жазылған. Диссертациялық жұмыста көрсетілген тарихи деректер тақырыпқа сәйкес жинақталған және оларға ғылыми талдау жасалып, нәтижесінде қорытындылар

		4) өзі жазбаған.	үйлесімді тұжырымдалған, әрбір зерттеу міндеттерінің жүзеге асырылуын зерттеу қорытындылары мен нақты тұжырымдар көрсетеді. 3.1. Жазу деңгейі жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылыми негізделген және тақырыптың өзектілігі тарихнамалық талдау барысында анықталған. Қазақ еліне үш ғасыр бойы жүргізілген орыстандыру саясаты халықты тілі мен рухани-мәдени құндылықтарынан ажыратты, дәл осы секілді саясат отарлауды басынан кешірген басқа халықтарға да тән екенін ескерсек, бұл мәселені ғылыми тұрғыда зерттеу мәселенің өзектілігін арттыра түседі. Патшалық Ресей мен Кеңестік билік тұсындағы орыстандыру саясатының жүргізілуі, барысы мен оның зардаптарына жаңаша баға беру тақырыптың өзектілігін негіздеп отыр. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысында диссертация мазмұны толық қамтылған. Жалпы диссертациялық жұмыс: белгілеулер мен қысқартулар, кіріспеден, 1 тарауы 3 тараушадан, 2,3,4, тараулары 2 тараушадан, қорытынды және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның құрылымы, мәтіннің мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер нақты болып табылады. Диссертация тараушалары логикалық сабақтастыққа құрылған. Қорытындылар тұжырымға сай дәлелді әрі негізді. А. Коңырова диссертацияда «постколониализм», «постструктурализм», «жаңа империялық тарих» теорияларына баса назар аудара отырып, өз пайымдауларын ұсынады. 4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес анықталған. Барлық зерттеу міндеттері оның мақсатының жүзеге асырылу қадамдары ретінде көрініс береді және диссертация мақсатына сәйкес анықталған. Диссертант зерттеу жұмысының деректерін 6 топқа бөліп (соның ішінде, ҚР ОМАнің №4, №15, №19, №30, №64, №81, №1178 қор құжаттары, ҚР Президент архивінің №139, № 141 қор құжаттары; кеңестік билік тұсында қабылданған қаулылар мен партия жетекшілерінің еңбектері; диссертация тақырыбына сай келетін

			жинақтар мен құжаттар жинағы және т.б.), дереккөздерге жан-жақты талдау жасаған. Пайдаланған деректер ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. 4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1**) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық байланысты. Диссертацияның тараулары мен оның бөлімдерінің арасында логикалық байланыс сақталған және олардың кейінгісі бастапқының логикалық жалғасы болып табылады. Диссертант ұсынған жаңа шешімдерге дәлелдер ұсынылып, бұрыннан белгілі шешімдерді салыстыру арқылы бағаланған, яғни авторлық сыни талдау жүзеге асырылған. Осының барлығы ұсынылып отырған жұмыстың мазмұнында толық қамтылған. 4.1.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертация тақырыбының өзі сыни және компаративті талдауды талап етеді. Диссертант салыстырмалы талдау жасау мақсатында бірнеше объект таңдаған, атап айтқанда империялық Ресей мен Кеңес үкіметінің білім саласындағы, басқару жүйесін реформалау бағытындағы саясатын салыстырмалы түрде саралап, қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен салт-санасына әсер еткен факторларды зерттеуді тақырыптың хронологиялық кезеңіне байланысты анықтаған. Диссертант мәселеге объективті баға беру мақсатында, «отарлау», «отар-метрополия», «орыстандыру», «аккультурация» ұғымдары анықтамаларының әр кезеңде тарихнамада пайдалану сипатын қарастырады және осы аталған мәселелер диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес пайдаланылған. Шетелдік, кеңестік дәуірдің және қазіргі Ресей мен Қазақстан тарихшыларының осы анықтамаларды пайдалану ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалған. А. Коңырова диссертациялық жұмысты орындау барысында алты топқа бөліп қарастырылған дереккөздерге жан-жақты талдау жасап, олардың әрқайсысы бойынша сілтемелері көрсетілген және сәйкесінше белгілі бір тұжырымдар жасалған, бұл өз кезегінде ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Зерттеу барысында және оның нәтижелерін

			тұжырымды баяндауда таңдалған әдістер өзара байланысты және үйлесімді қолданылған. Диссертация жұмысының нәтижелері негізгі әдебиеттер мен дереккөздерге жүйелі талдау жасау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және салыстырмалы талдау әдістерін пайдалана отырып алынған. Теориялық қорытындылар мен өзара байланысы анықталған заңдылықтар нақты зерттеулермен дәлелденген және расталған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толығымен жеткілікті. 4.5.1 Сыни талдау бар
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен сәйкесінше жасалған қағидалар жаңа болып табылады. 1.Бірінші нәтиже жаңа. Бұл нәтижеге жету барысында орыс консерватизмін зерттеуші Эдвард Таденнің теориясы методологиялық негіз ретінде кеңінен пайдаланылған. Зерттеудің әдіс-тәсілдері мен оның негізгі бағыттары нақтыланып, орыстандырудың кеңес үкіметіне дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихнамалық әдебиеттеріне шолу жасай отырылып, олардың орыстандыру мәселесіне қатысты тұстарын негіздеу алғаш рет кешенді зерттеу көзіне айналған. Ресей отаршылдығы мен отарланған аймақтар мәселесіне қатысты соңғы кезеңдегі методологиялық ұстанымдар «жаңа империялық тарих» жағдайында қарастырылып отырғанын ескере отырып, ресей тарихнамасындағы еліміздің отарлануы мен орыстандырылуы «жергілікті халықтың Ресей интеграциясына өз еркімен кіруі немесе көшпелілердің сыртқы күштерден қорғану мақсатында өз тілектері мен ұсыныстарын ескеріле отырып жүзеге асырылды» деген қағида сынға алынған. Ғылыми жұмыстағы басты ұстаным, шын мәнінде ресейлік отаршылдықтың, яғни орыстандыру саясатының жүргізілуі және оның салдарын ғылыми әдебиеттер негізінде дәлелденуі болып табылады. 2.Екінші нәтиже жаңа. «Отарлау», «отар-метрополия», «орыстандыру», «аккультурация» ұғымдарына қатысты анықтамалар нақтыланып, тұжырымдамалар жасалған және отарлау, оның ішінде орыстандыру

			саясатының қазақ қоғамына тигізген кері салдары жүйелі талданған. Соның ішінде ресей ғалымы С.В. Любичанковскийдің еңбектеріндегі «мәдени аккультурация» ұғымы, А. Каппелердің отарлау туралы теориясы негізінде, өз пайымдауларын ұсынған. 3. Үшінші нәтиже ішінара жаңа. Тарихтағы белгілі фактілерді сараптап, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы Ресей империясында басталған және большевиктер тарапынан да қолданысқа ие болған Қазақстанға қоныс аудару саясаты тек жер тапшылығын жою ғана емес, орыстандыру саясатын жүзеге асырудың да бір жолы болғандығы компаративті анализ негізінде дәлелдеген. Қазақ халқының саны туралы мәліметтерді (А. Левшин, Я. Гавердовский, Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі деректер нақты тұжырым жасауда қиындық тудыратыны баяндалған), одан кейінгі 1897 ж. Ресей империясы жүргізген және Кеңес дәуіріндегі халық санағы туралы материалдарды пайдалана отырып, қазақ халқы саны үлесінің механикалық жолмен азаюын, демография саласындағы саясат арқылы өлкеде сенімді тіректерді қалыптастырғаны анықталған. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының орыстандыру саясаты белсенді жүргізіліп, қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Қоныс аударушылар мен жергілікті қазақ халқының етене өмір сүруіне орай кедергілерді біртіндеп жоюға және ол үшін қазақтар арасында шоқындыру саясатының ашық жүргізу әрекеті айқындалған. 4. Төртінші нәтиже жаңа. Патша үкіметі және большевиктер билігінің қазақ даласында жүргізіп отырған орыстандыру саясатына қатысты ұлт қайраткерлерінің өзіндік пікірлері мен көзқарастары, нақты ұстанымдары қалыптасқанын баяндап, XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басындағы орыстандыру саясаты астарында жүргізілген саяси-экономикалық және руханият саласын қамтыған шараларға қатысты ұлттық зиялы қауым өкілдерінің пікірлері сарапталған. Ұлы Абайдың, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына талдау жасап, диссертант орыстандырудың тек жағымсыз жақтары ғана емес, прогресшіл тұстарына да баға берген.

			5. Бесінші нәтиже жаңа. XX ғасыр басындағы дәстүрлі қазақ қоғамының дамуы мен қазақ халқының әлеуметтік-саяси және мәдени өміріне де орыстандыру саясатының кері әсері тұжырымдалған. 6. Алтыншы нәтиже жаңа. Қазан революциясынан кейінгі қабылданған қаулылар мен жүзеге асқан шаралардың орыстандыру астары ашылған. 1920-1950 жылдар аралығында республика аумағында жүзеге асқан саяси оқиғалар мен экономикалық сипаттағы үдерістердің отарлық сипаты талданған. Кеңестік биліктің «әкімшіл-әміршіл саясаты» негізінде жүргізген реформалардың қысымымен қоғамдағы азаматтардың жаңа сапалық толқынын қалыптастыруды көздегені дәлелденген. 7. Жетінші нәтиже жаңа. Орыстандыру саясатының жүзеге асқан негізгі бағыттарының бірі – білім беру саласы екенін ескере отырып, биліктің жүргізген саясатына компаративті анализ жасап, империя тұсындағы оқу-ағарту саласындағы іс-шаралар мен большевиктер тұсындағы әліпбиі реформасының орыстандыру бағытымен ұштастырылып жатқан шара екендігі тұжырымдалған. Шетел ғалымдары Ален Франктің ислам діні туралы, Уяма Томохиконың Ресей империясының ұлт саясаты және Алаш зиялылары туралы еңбектерін сараптаған. Сонымен қатар Н.И. Ильминскийдің миссионерлік саясатына сын айтып, Ы. Алтынсариннің дін, білім туралы ойларын саралаған. Кеңес дәуірінде Т. Шонанұлы, А. Байтұрсыновтың тіл мәселесі, қазақ (латын) әліпбиін енгізу жолындағы қызметтеріне тоқталған. 8. Сегізінші нәтиже жаңа. Орыстандыру саясатының саяси негіздері басқару жүйесін реформалаудан басталғанын ескере отырып, Қазақ даласын басқару ісін империялық заңдарға жақындастыра отырып, дәстүрлі билік түсініктері түбегейлі өзгертілгені және кеңестік билік тұсындағы жоғарыдан төменге қарай басқару механизмінің ортақ белгілерін нақтыланған. Қазан революциясы жеңіске жеткеннен кейін большевиктер тарапынан қабылданған декреттер азшылықты құрайтын ұлттарға өзін-өзі басқаруға мүмкіндіктер бергені көрсетілген. Бірақ, сөз бен істің алшақтығы орын алып, алғашқы қазақ съездерінде ұлт қайраткерлерінің партия мен үкімет құру туралы талпыныстары

			тығырыққа тірелгендігі, большевиктер қазақ зиялы қауым өкілдерінің әлеуетін тек білім беру сияқты салаларда барынша пайдаланғандығы баяндалған. 1920-1950 жылдары кеңестер тарапынан жүргізілген саяси-экономикалық және мәдениет саласында атқарған шаралары тікелей орыстандыру бағытында жүргізіліп, қазақ зиялылары тек қажет жағдайда тартылып, ұлттық болмысқа қатысты әрекеттері жіті бақылауда болғандығы негізделген. 9. Тоғызыншы нәтиже жаңа. Орыстандыру саясатына сай елдегі сакральды құндылықтар мен ұлттың болмысын негіздейтін дәстүрлі дүниетанымы мен салт-санасына әсер еткен факторларға тоқтала отырып, дәстүрлі қазақ қоғамның құндылықтар жүйесіне өзгерістер енгізілгені дәлелденді. Нәтижелер осы зерттеу барысында алынған, бір бірімен логикалық байланыста. Барлығы толықтай ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 Толығымен жаңа
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Алынған қорытындылардың негізділігі айқын. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеу мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен сипатталады. 5.2.1 Толығымен жаңа
		1**) толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті бұл бағалау өлшемі қисынсыз.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Диссертациялық жұмыста зерттеуші келтірілген барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуші диссертацияда келтірілген әрбір тұжырымдарын терең дәлелдеген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады. 1. **Ережелерге сәйкес бірінші алынған тұжырым:** Зерттеу бағытын нақтылау барысында, ең алдымен оның теориялық және методологиялық негіздерін талдау нәтижесінде патша үкіметінің қазақ даласында жүргізген қоныстандыру саясаты Ресейдегі басыбайлы құқықтың жойылуынан кейін туындаған жер тапшылығын шешу, қоныстандыру арқылы орыстандыру саясатын күшейтуді мақсат еткені тарихнамадағы пікірлерді, тұжырымдарды талдау, тың деректерді енгізу арқылы айқындалған. Ол Қазақстандағы демографиялық ахуалды шиеленістірумен қатар, кейбір облыстарда қазақтардың үлес салмағын азайтқаны сараланып, қазақтың шұрайлы жерлеріне қоныстанған шаруалар патша үкіметі жүргізген орыстандыру саясатының сенімді тіректеріне айналғаны дәлелденген. Үкімет қабылдаған заңдар мен ережелер қазақтардың емес, ең алдымен қоныс аударушылардың мүддесін қолдауы, қоныс аударушылар санының артуы нәтижесінде отарлық саясаттың «сәтті» жүргізілумен елдегі ұлттық құндылық, ұлттық болмыс пен ұлт мүддесінің ескерілмеуі талданып, сипатталған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Екінші тұжырым**: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің орыстандыру саясатының белсенді жүргізілгеніне жан-жақты тоқталып, оның қоғам өмірінің барлық саласын қамтығаны дәлелденген. Қоныс аударушылар мен жергілікті қазақ халқының етене өмір сүріп, соған сай тілдік кедергілерді біртіндеп жоюға және ол үшін қазақтар арасында шоқындыру саясатының ашық жүргізуге әрекет жасағаны дәлелденген. Әсіресе орыстандыру саясаты білім беру саласында белсенді жүргізілгені сараланған. Қазақ ағартушылары орын алып отырған мәселеге байланысты өз пікірлері мен ұстанымдарын айқындап, ғылым мен білімнің орыс тілінде екенін түсініп, орыс мәдениетінен бас тартпай, керісінше орыс тілін меңгеруді насихаттағаны талданған. Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтар орыс тілінсіз білім мен ғылымның шыңына шығуда басқа жол жоқ екендігін түсініп, оны халыққа жеткізуге тырысқаны сипатталған. Тақырыпты зерттеуде диссертант тарихнамалық талдау жасау барысында соңғы жылдардағы тың көзқарастар мен бұрын ғылыми айналымға түспеген түп-деректер жарияланған жинақтармен, қазақ өлкесін патшалық Ресейдің отарлауы, Кеңестік кезеңге қатысты зерттеулермен жүйелі жұмыс жасаған. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары пайдаланылған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Үшінші тұжырым**. Жасалған тұжырым жаңа болып табылады. Қазан революциясы жеңіске жеткеннен кейін большевиктер тарапынан қабылданған декреттер азшылықты құрайтын ұлттарға өзін-өзі басқаруға мүмкіндіктер бергенімен сөз бен істің алшақтығы орын алып, алғашқы қазақ съездерінде ұлт қайраткерлерінің партия мен үкімет құру

			туралы талпыныстары тығырыққа тірелгені айқындалған. Большевиктер қазақ зиялы қауым өкілдерінің әлеуетін тек білім беру сияқты салаларда пайдаланып, 1920-1950 жылдары кеңестер тарапынан жүргізілген саяси-экономикалық және мәдениет саласында атқарған шаралары тікелей орыстандыру бағытында жүргізіліп, қазақ зиялылары тек қажет жағдайда тартылды және ұлттық болмысқа қатысты әрекеттері жіті бақылауда болды деп нақтылайды. Негізгі тұжырымдарын жарияланған деректер мен архив құжаттары негізінде дәлелдеген 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең **Төртінші тұжырым.** Қазан төңкерісінен кейін большевиктер білім беру саласына назар аударып, құрамындағы автономиялардың дәстүрлі білім беру жүйесіне тыйым салып, зайырлы білім беру жүйесін енгізілгені сараланған. 1918 жылдың 30 қыркүйегінде Орталық атқару комитеті тарапынан қабылданған «Бірыңғай еңбек мектептері туралы» қаулыға сай екі сатылы білім беру жүйесі енгізіліп, қысқа уақыт аралығында мамандар даярлау ісі жүргізіліп, материалдық-техникалық қиындықтармен қатар, оқулық тапшылығы орын алуына орай зайырлы білім беру жүйесіне келетін оқулықтарды даярлау ісіне ұлттың зиялы қауым өкілдері белсенді атсалысып, қазақ дүниетанымына сай келетін оқулықтар жарық көргені дәлелденген. Уақыт өте келе бұл оқулықтар коммунисттік идеологияға сай келмеуіне байланысты айналымнан шығарылғаны көрсетіліп, талданған. Әріптерді реформалау саясаты ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықты жоюмен бірге, орыстандыру саясатын одан әрі негіздеуге жол ашқаны дәлелденген. Диссертацияда кеңестік саясаттың білім беру саласы мен әліпби реформасы арқылы жаңа «кеңес адамын» қалыптастыруға немесе «орыстандыру» ісіне бағытталған әрекеттері ашылған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа

			7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Бесінші тұжырым.** Ресей империясы мен Кеңестік билік тұсындағы басқару жүйесінің жергілікті басқарудың ерекшелігі мен ұлттық құндылықтарға мән бермегені анықталған. Ресей империясы алдымен өзіндік мүдде мен қызығушылық танытқан адамдарды төменгі билік сатысына алғаны баяндалған. Екі билік те жергілікті қазақ халқынан шыққан өкілдерді ел басқару ісіне араластырмай, орыстандыру саясатына адал орыс және өзге де ұлт өкілдерін билікке тағайындау ісін дағдыға айналдырғаны сарапталған. Империя заманынан басталған басқару жүйесіндегі «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы кеңестік билік тарапынан да қолдау тауып, орыстандыру саясаты тұрғысынан келгенде тарихи сабақтастықтың сақталуының орын алғаны жарияланған материалдар негізінде дәлелденген. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Алтыншы тұжырым.** Большевиктер билікке келген алғашқы жылдардан бастап қазақ халқының дүниетанымын коммунисттік идеологияға сай етіп қалыптастыру жұмыстарын қолға алғаны сарапталған. Мәдени-сакральды кеңістіктегі түбегейлі өзгерістер алдымен кеңес халқын бір мақсатқа жұмылдыру үшін жасалғаны, саяси жүйені түбегейлі өзгерткен большевиктер, кеңес азаматтарының ортақ мәдени құндылықтары болғанын дұрыс деп тапқаны қарастырылған. Сол себепті қоғамдық пікір тудырып, халықтың бойына рухани күш беретін ақын-жазушылар шығармашылықтарына тосқауыл қойылып, басылымнан алынып, олардың коммунисттік идеологияға сай жұмыс жасауға мәжбүр болғаны дәйекті сараланған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа

			7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Жетінші тұжырым.** Империялық және кейінгі кеңестік билікте орыстандыру ісінде мәдени-сакральды кеңістіктің тағы бір рухани-мәдени құндылығы болып табылатын жер-су атаулары, сакральды мәдени кешендері мен дәстүрлі құндылықтарына тиым салудың орын алғанын дәлелдеп, орыстандыру ісінің халықтың рухани-мәдени құндылықтарына да қол сұғып, жер-су атауларын орысшалауы мен дәстүрлі құндылықтарына қол сұғуы мәселесін зерделеген. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Сегізінші тұжырым.** Ресей отаршылдығы мен оның отарланған аймақтары жөніндегі соңғы кезеңдегі методологиялық ұстанымдар еліміздің отарлануы мен орыстандырылуы «жергілікті халықтың Ресей интеграциясына өз еркімен енуі немесе көшпелілердің сыртқы күштерден қорғану мақсатында өз тілектері мен ұсыныстары ескеріле отырып жүзеге асырылды» деген сипаттағы қағиданы сараптаған. Шет аймақтардағы Ресей отаршылдығын немесе орыстандыру саясатының жүргізілуі мен салдарын ғылыми әдебиеттер негізінде зерттеп, әр кезеңдегі (империялық, кеңес, тәуелсіз Қазақстан) тарихнамадағы пікірлерді зерделеген. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Тоғызыншы тұжырым.** Тарихи әдебиеттер мен зерттеу еңбектерінде «отарлау», «отар-метрополия», «аккультурация» және өлкеміздегі «орыстандыру» ұғымдарына қатысты анықтамалар бойынша жазылған зерттеулер талданған. Қазіргі ресей тарихнамасындағы пікірлерді

			талдап, олардың тарихи анықтамаларын зерделеген. Осы ұғымдарға қатысты жасалған зерттеулер мен анықтамалар пайдаланылып, екі билік тұсындағы орыстандыру саясаты салыстырмалы түрде талданған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасы негізделген. Диссертацияны жазуда постколониализм, постструктурализм теориялары әдіснамалық негіз ретінде алынған. «Жаңа империялық тарих» теориясы сыни тұрғыда пайдаланылған. «Аккультурация» және «мәдени аккультурация» ұғымдарын ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, пайымдайды. Сонымен қатар қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгерісін зерттеуде сыни және тарихилық қағида негізге алынған. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымында қолданылатын объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиялық реттеу және басқа тәсілдер қолданылған. Зерттеуде тарихилық қағида негізге алынып, тақырыптың мазмұнын ашуда тарихи объективті және субъективті факторлар принциптері көрсетілген. 1. Ия
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу тақырыбы арнайы бағдарламалық компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған. 2. Жоқ
		1) ия;	
		2**) жоқ.**	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ғылыми материалдарды маңыздылығына қарай іріктеу жұмысы зерттеушінің теориялық білімін, методологиялық ұстанымын және деректерді жіктеу мен фактілерді жүйелеуде мүмкіндігінше кәсіби біліктілігін талап етеді. А. Коңырова диссертация тақырыбына қатысты шетелдік, отандық ғалымдар еңбектеріндегі теориялық тұжырымдамаларды негізге алып, өзбетінше теориялық қорытындылар жасаған. Зерттеудің мазмұнын ашуда жеке тұлғалардың еңбектері (Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Т. Шонанұлы, А. Байтұрсынов және т.б.), әр кезеңде жарық көрген құжаттар мен деректер жинағы, Ресей империясы мен Кеңес дәуірінде шыққан заңдар жинағы және т.б. деректер тиімді қолданылған. Тарихнамадағы алдыңғы буын зерттеушілері еңбектері сыни тұрғыдан талданып, нәтижесінде зерттеулерде қарастырылмаған мәселелер анықталып, диссертанттың өз пікірімен толықтырған. Зерттеу жұмысында тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықты анықтау, негізгі тарихнамалық фактілерді іріктеу критерийлерін нақтылау, тарихнамалық талдау және дереккөздер арақатынасын орнату, тарихтың объективті алғышарттарын көрсету, тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан тарихшылар еңбектерін талдау, сондай-ақ тарихи даму кезеңдерінің критерийлерін анықтау секілді маңызды әдіснамалық міндеттерді анықтау мәселенің тарихнамасын қарастыру үшін негіз болған. Зерттеу барысында алған тұжырымдар, тарихи ойлар мен өлшемдердің тереңдігін көрсетіп отыр.
		1**) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеуде саяси, мәдени идеяларды насихаттау үрдісінде өзіндік жаңашыл бағытты қатаң ұстанатын баспасөз беттерінде орыстандыру саясатына қарсы қазақ қоғамында орын алған тарихи оқиғалар тұжырымдалған. Пайдаланылған әдебиеттердің аясы кең және тақырыпты барынша ашуға мүмкіндік береді. Әдебиеттердің тізімі талаптарға сай рәсімделген. Зерттеудің мазмұнында келтірілген маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертацияны жазу барысында ғылыми әдебиеттермен бірге Отандық архив қорлары, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары, кітапханалар қорларындағы сирек қолжазбалар пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар**; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу методологиясы объективтілік, тарихилық және жүйелілік қағидаттарға негізделген. Диссертация жұмысы постколониализм, постструктурализм теорияларына негізделген, сонымен қатар қазіргі Ресей тарихнамасына сын көзбен қарау және шетел ғалымдарының көзқарастарын зерделеу көрінеді. Диссертацияның әдіснамалық негізінде қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынған. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және басқа тәсілдері басшылыққа алынған. Тарихнаманың негізгі зерттеу әдістері кең пайдаланылған. Сонымен қатар, зерттеу барысында әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдардағы Отандық тарих ғылымындағы түбегейлі өзгерістер негізге алынған. 9.1.1 Бар
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы Ресей империясы мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатына қатысты мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерде қолдануға болады. 9.2.1 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 9.3.1 Иә
10.		Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Айжан Коңырованың диссертациялық зерттеуінің жазу және рәсімдеу сапасы жоғары және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді. Бірақ

	Жазу және ресімдеу сапасы	2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	мәтінде кейбір орфографиялық және стилистикалық қателіктер кездеседі, алайда бұл диссертацияның құндылығын түсірмейді. 10.1 Жоғары
11.	Диссертацияға ескертулер		Ескерту. Диссертациялық жұмыстың Кіріспе бөлімінде деректерді алты топқа жіктеуде негізге алынған принциптер нақты көрсетілмеген.Топтау кезінде деректердің мазмұны мен уақытының сәйкестігі есепке алынбаған. Алдағы уақытта осы мәселеге көңіл бөлінуі керек. Ұсыныс. 1. Диссертацияның әдіснамалық негізі бойынша мақалалар жарияланып және ол ғылыми ортада пікірталас тақырыбына айналса, осы тақырып аясында жаңа ойлардың туындауы сөзсіз. 2. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен мәдени-сакральды кеңістігіндегі өзгерістер нақты қарастырылып, жер-су атауларын рухани-мәдени құндылық ретінде зерттеу үшін «Жас ғалым» гранттық жобасына қатысып, жаңа материалдарды ғылыми айналымға енгізу.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Айжан Коңырова диссретациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 8 мақала жариялаған: - ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында – 6; - халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында - 2 мақала сыннан өтті. Жарияланған мақалалар мен жасалған баяндамалар тікелей диссертация тақырыбына қатысты.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Конырова Айжан Мауленовнаның «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи- салыстырмалы талдау» деп аталатын диссертациялық жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім саламындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін сондықтан (PhD) докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің

Тарих кафедрасының меңгерушісі,

т.ғ.д., профессор **Избасарова Гульбану Болатовна**